

# ЛЕНИН ТУУ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 32 (9350) | 1954 жылғы 10 февраль Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Халықтың қалаулылары

Газетіміздің бүгінгі санында ССРО Жоғарғы Советі Одақ Советінің сайлауы өткізетін № 618 сайлау округі, Ұлттар Советінің сайлауы өткізетін № 119 және № 120 сайлау округтері бойынша депутаттыққа кандидаттарды тіркеу жөнінде округтік сайлау комиссияларының қарарлары жарияланып отыр.

Кәсіпорындарының, МТС-тер мен совхоздардың жұмысшылары мен қызметшілері, колхозшылар, советтік интеллигенция, қоғамдық ұйымдар мен еңбекшілер қоғамдары сайлау алдындағы жыйналыстарда ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп совет халқының таңдаулы ұлдары мен қыздарын ұсынды. Еңбекшілердің сайлау алдындағы жыйналыстары зор саяси өрлеу жағдайында өтіп, ол жыйналыстар совет адамдарының Коммунистік партияға, Совет Үкметі мен советтік Отанмызға шексіз берілгендігі мен сүйіспеншілігін тағы да көрсетті.

Облысымыздың еңбекшілері өздерінің сайлау алдындағы жыйналыстарында ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына бірінші кандидат етіп партиямыз бен үкметіміздің басшылары Г. М. Маленков, В. М. Молотов, Н. С. Хрущев, К. Е. Ворошилов, А. И. Микоян, Н. А. Буганин, Л. М. Каганович жолдастарды ұсынды. Бүкіл совет халқы сияқты облысымыздың еңбекшілері — жұмысшылары, колхозшылары және интеллигенциясы ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына бірінші кандидат етіп партия мен үкмет басшылары бірауыздан ұсынумен бірге өздерінің Коммунистік партияға шексіз сүйіспеншілігін, оның Орталық Комитетінің және Совет Үкметінің төңірегіне берік қолдағандығын білдірді.

Облысымыздың сайлаушылары ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп партия мен үкметіміздің басшыларымен бірге партияның ісіне шексіз берілген халықтың таңдаулы ұлдары мен қыздарын ұсынды.

ССРО Жоғарғы Советі Одақ Советінің сайлауы өткізетін № 618 сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидат болып Владимир Владимирович Губин жолдас тіркелді.

Владимир Владимирович Губин 1904 жылы Белгород облысы, Микоян ауданы, Старая Невидовка селосында туды. Ол алғашқы кезде өз селосында жаданып жұмыс істеді, кейін темір жол транспортын

текшінің орынбасары, взвод командирі және батарея командирі болды. 1942 жылы ол СОБП мүшелігіне өтті.

Қызатов жолдас Ұлы Отан соғысына қатысты. Командованненің тапсырмаларын үлгілі орындағаны және мұнымеч бірге ерлік, батырлық көрсеткені үшін оған Совет Одағының Батыры атағы берілді.

Совет Армиясының қатарынан оралғаннан кейін Қызатов жолдас 1945 жылы Қазақстан КП Совет аудандық комитетінің секретары, ал 1947 жылы Ленин аудандық Совет атқомінінің председателі болып сайланды. 1951 жылы ол Қазақстан КП Орталық Комитетінің жанындағы екі-жылдық партия мектебіне оқуға жіберілді, оқуды бітіргеннен кейін еңбекшілер депутаттарының Булаев аудандық Совет атқомінінің председателі болып істейді.

Облысымыздың еңбекшілері Қызатов жолдасы 1950 жылы ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына сайлады. Қызатов жолдас сайлаушылардың сенімін абрыймен ақтады. Кәзіргі уақытта ол өзінің барлық күш-жігерін халыққа адал қызмет етуге жұмсауда. Қызатов жолдас та ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына лайықты кандидат.

ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің сайлауы өткізетін № 120 Петропавл селолық сайлау округі бойынша Ұлттар Советінің депутаттығына кандидат болып Нұртағ Дәндібайұлы Оңдасынов жолдас тіркелді.

Нұртағ Дәндібайұлы Оңдасынов жолдас 1904 жылы Оңтүстік Қазақстан облысы, Фрунзе ауданының Ушқайық ауылында туған. 1918 жылы ол өзінің еңбектегі жолын қатардағы жұмысшыдан бастап, үш жылдан кейін орман шаруашылығы техникумына түседі. Оны бітіргеннен кейін Оңдасынов жолдас бірнеше жыл бойынша орман және су шаруашылығы системасында жұмыс істейді. Ал, 1930 жылы — Ташкенттің ирригация институтының студенті болды. Институттың үш курсы бітіргеннен кейін ол жұмысшы факультетінің оқытушысы және директоры болып істейді.

1934 жылы Оңдасынов жолдас қазақ орман шаруашылығы тресі бастығының орынбасарлығына жіберіледі, кейіннен трест бастығы болып істейді. Бұдан кейін Қазақ ССР Жер шаруашылығы Халық Комиссариаты басқармасының бастығы және Шығыс Қазақстан облыстық әрме-

## ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттарды тіркеу

РСФСР

8 февральда Москвада ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттарды тіркеу басталды.

Одақ Советінің сайлауы өткізетін Ленинград округтік сайлау комиссиясының мәжлісінде Ленинград сайлау округі бойынша ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп ССРО Министрлер Советінің Председателі **Георгий Максимилианович Маленков** жолдасы тіркеу жөнінде қаулы қабылданды. Г. М. Маленков жолдас машина жасау зауытының, «Ява» темекі фабрикасының жұмысшыларының, инженерлерінің, техниктерінің және қызметшілерінің, Жуковский атындағы Соғыс-Әуе инженерлік академияның қатардағы құрамының және басқа коллективтердің жалпы жыйналыстарынан ұсынылған.

Одақ Советінің сайлауы өткізетін Молотов сайлау округінің сайлау комиссиясының мәжлісі болды, онда Молотов сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары, ССРО Сыртқы Істер Министрі **Вячеслав Михайлович Молотов** жолдас тіркелсе деп қаулы қабылданды. В. М. Молотов жолдас машина жасау зауытының, Москва — Курск — Донбасс темір жолының Москва — 1 паровоз депосының, «Манометр» зауытының жұмысшыларының, инженерлерінің, техниктерінің және қызметшілерінің және басқа да кәсіпорындары мен мекемелердің жалпы жыйналыстарынан ұсынылған.

Одақ Советінің сайлауы өткізетін Калинин сайлау округтік сайлау комиссиясының кеше болып өткен мәжлісінде Калинин сайлау округі бойынша ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып СОКП Орталық Комитетінің Бірінші

### Депутаттыққа кандидаттар

Беше республикада ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттар тіркеу басталды.

Округтік сайлау комиссиясы ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп Ұлттар Советінің сайлауы өткізетін № 111 Алматы қалалық сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін Қазақстан

1954 жылғы 14 мартта, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күні коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары үшін бірауыздан дауыс берейік!

Секретары **Никита Сергеевич Хрущев** жолдас тіркелсе деп қаулы қабылданды. Оның кандидатурасы «Фрезер», «Серп и молот», «Компрессор» заводтарының және басқа коллективтердің жалпы жыйналыстарынан ұсынылған.

Одақ Советінің сайлауы өткізетін Киев сайлау округінің округтік комиссиясы өзінің мәжлісінде ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп СОКП Москва Комитетінің Бірінші Секретары **Николай Александрович Михайлов** жолдасы тіркелді.

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы өткізетін Фрунзе сайлау округінің округтік сайлау комиссиясының мәжлісінде ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып № 29 орта мектептің директоры **Екатерина Васильевна Мартынова** жолдас тіркелді.

Ұлттар Советінің сайлауы өткізетін Москва қалалық сайлау округінің сайлау комиссиясының мәжлісі болды. ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары, ССРО Қорғаныс Министрі **Николай Александрович Булганин** жолдас тіркелді.

Одақ Советінің сайлауы өткізетін Москва облысы, Сталиногорск округтік сайлау комиссиясы Сталиногорск округі бойынша дауысқа түсу үшін ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп «Москвауголь» комбинатының бастығы **Дмитрий Григорьевич Оник** жолдасы тіркелді.

Округтік сайлау комиссияларының мәжлістерінде аталған округтер бойынша дауысқа түсу үшін депутаттыққа кандидаттарды сайлау бюллетендеріне енгізуге қаулы алынды.

(СОТА).

№ 618 Петропавл сайлау округі

Владимир Владимирович Губин Одақ Советінің депутаттығына кандидат болып тіркелді

9 февральда мұғалімдер үйінде ССРО Жоғарғы Советі Одақ Советінің сайлауы өткізетін № 618 Петропавл сайлау округінің округтік сайлау комиссиясының мәжлісі болды.

Комиссияның председателі П. В. Синчило жолдас мәжлісті ашып, былай деді:

— Петропавл станциясы паровоз депосының, С. М. Киров атындағы заводтың, Мамлют асыл тұқымды мал совхозының жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлерінің және қызметшілерінің, Петропавл ауданы «Луч Ленина» ауылшаруашылық артелінің мүшелері № 618 Петропавл сайлау округі бойынша ССРО Жоғарғы Советі Одақ Советінің депутаттығына кандидат етіп Қазақ ССР Ішкі Істер министрі **Владимир Владимирович Губин** жолдасы ұсынған еді. Губин жолдас № 618 сайлау округі бойынша дауысқа түсуге ризалық берді.

Мәжліске паровоз депосы коллективінен келген өкіл Устинов жолдас бірінші болып сөз алды.

— Кәзір депо коллективі, — деді ол, — сайлау құрметіндегі социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерін орындау жолында қажырлы еңбек етуде. Бұл күндері сайлау алдындағы саяси үгіт сайлаушылардың қызмет істейтін жерлері мен тұратын орындарына қарай кеңінен өрістеуде. Мен депо коллективінің атынан В. В. Губин жолдасы Одақ Советінің депутаттығына кандидат етіп тіркеуді өтінемін.

Мұнан кейін сөз сөйлеген Киров атындағы завод коллективінің өкілі Қасымова жолдас, «Луч Ленина» атындағы ауылшаруашылық артелі мүшелерінің өкілі Калинин жолдас жұмысшылар мен колхозшы шаруалардың сайлау алдындағы еңбек өрлеуін баяндай келіп, сайлау ко-

миссиясынан В. В. Губин жолдасы депутаттыққа кандидат етіп тіркеуді өтінді.

Комиссияның председателі Синчило жолдас мынадай ұсыныс енгізді: Қазақ ССР Ішкі істер министрі **В. В. Губин** жолдас № 618 Петропавл сайлау округінде ССРО Жоғарғы Советі Одақ Советінің депутаттығына кандидат етіп тіркелсін.

Синчило жолдасының бұл ұсынысын комиссия мүшелері мен мәжліске қатысқан өкілдер бірауыздан қуаттады.

### ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫНАН

«ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ереженің» 63-статьясы негізінде округтік сайлау комиссиясы қаулы етті:

Петропавл станциясы паровоз депосының, Киров атындағы заводтың, Мамлют асыл тұқымды мал совхозының жұмысшылары мен жұмысшы әйелдерінің, инженер-техник қызметкерлерінің және қызметшілерінің, Петропавл ауданы, «Луч Ленина» ауылшаруашылық артелінің колхозшылары мен колхозшы әйелдерінің жалпы жыйналыстары ұсынған, 1904 жылы туған, Алматы қаласында тұратын, СОКП мүшесі, Қазақ ССР Ішкі істер министрі **Владимир Владимирович Губин** Одақ Советінің сайлауы өткізетін № 618 Петропавл сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып тіркелсін.

«ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ереженің» 65-статьясы негізінде депутаттыққа кандидат **Владимир Владимирович Губин** Одақ Советінің сайлауы өткізетін № 618 Петропавл сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін сайлау бюллетеніне енгізілсін.

Округтік сайлау комиссиясының мәжлісі сайлау бюллетенін бекітті.

№ 119 Петропавл қалалық сайлау округі

Жәлел Қизатұлы Қизатов Ұлттар Советінің депутаттығына кандидат болып тіркелді

Кеше № 119 Петропавл қалалық сайлау округінің округтік комиссиясының мәжлісінде Жәлел Қизатов жолдасы тіркелді. Сайлау комиссиясы **Ж. Қ. Қизатов**



тей бастады. 1923 жылы Губин жолдас Харьковтың «Серп и молот» заводына ағаш шебері болып орналасты, 1927 жылы ол Коммунистік партияның қатарына кіреді, ал, 1929 жылы комсомол жұмысына, мұнан кейін кәсіподақ жұмысына жоғарылатылады.

Губин жолдас 1933 жылдан бері партия қызметінде — аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі, облыстық партия комитетінің нұсқаушысы және Украина КП Покрово-Вогачинск аудандық комитетінің бірінші секретары болып істейді.

1938 жылы Губин жолдас партия органдарының қаулысы бойынша Ішкі істер министрлігінің басшы қызметіне жіберілді. 1951 жылдан бері Губин жолдас — Қазақ ССР Ішкі істер министрі.

Владимир Владимирович Губин жолдас барлық қызметтерде өзінің барлық күш-жігері мен қабілетін партия мен халыққа адал, беріле қызмет ету жолына жұмсауда. Губин жолдас — ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына лайықты кандидат.

ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін № 119 Петропавл қалалық сайлау округі бойынша депутаттыққа кандидат болып Жәлел Қизатулы Қизатов жолдас тіркелді.

Жәлел Қизатулы Қизатов жолдас 1920 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданы, Аяқкөл ауылында кедей шаруаның семьясында туған. 1940 жылы ауылшаруашылық техникумын бітіргеннен кейін Қизатов жолдас аз уақыт сол ауданда Қарағанды селосындағы мектептің директоры болып істейді, мұнан кейін Совет Армиясының қатарына шақырылды, онда қатардағы солдат, саяси ж-

председателінің міндетін атқарушы болып істейді.

Оңдасынов жолдас 1938 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды және Қазақ ССР халық комиссарлары Советінің председателі болып бекітілді. Бұл қызметте ол 1951 жылға дейін үздіксіз істейді. 1951 жылы ол СОКП Орталық Комитетінің жанындағы жоғарғы партия мектебіне оқуға жіберілді. Уетіміздегі жылы бұл мектепті ол бітіреді.

Оңдасынов СОКП мүшелігіне өткеннен бергі 28 жылдың ішінде партияның саясатын қажырлылықпен жүзеге асыру үшін күресіп келеді. Үкметіміз оның еңірген еңбектерін ескере келіп, Оңдасынов жолдасын үш Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен және «Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен наградтады.

Жоғарыда атап айтылғандай, облысымыздың сайлаушыларының тілегін қанағаттандыра отырып, округтік сайлау комиссиялары өздерінің мәжілістерінде аталған кандидатураларды депутаттыққа кандидат етіп тіркеу жөнінде қаулы қабылдады.

Сайлаушы жолдастар!  
14 мартта — ССРО Жоғарғы Советінің сайлау күні коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттары үшін дауыс беріп, біз советтік қоғамның бағыт беруші және бастаушы күші — Совет Одағының Коммунистік партиясы үшін, социалистік өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын үздіксіз өркендете беру үшін және еңбекшілердің әлауқат дәрежесін барған сайын жақсарту үшін дауыс береміз!

Коммунистер мен партияда жоқтардың мызғымас блогі жасасын!

## „Варяг“ крейсерінің теңізшілерінің „Ерлігі үшін“ медалімен награптау туралы ССРО жоғарғы саветі Президиумының УКАЗЫ

«Варяг» крейсерінің орыс теңізшілерінің қаһармандық ерлігінің елу жылдығы күні құрметіне, 1904 жылғы 9 февральда Чесульно жанында жапон эскадрасымен болған ұрыста ерекше ерлік және батырлық көрсеткені үшін төмендегілер «Ерлігі үшін» медалімен награптасын.

1. Бакалов Василий Федорович.
2. Войцеховский Адольф Доминикович.
3. Залидеев Дмитрий Степанович.
4. Крылов Степан Давыдович.
5. Кузнецов Прокофий Максимович.
6. Крутяков Василий Иванович.
7. Напленков Иван Ефимович.
8. Калинин Макар Евдокимович.
9. Кузнецов Александр Ильич.
10. Мазурец Лукьян Григорьевич.
11. Поликов Петр Егорович.
12. Семенов Федор Федорович.
13. Чибисов Тихон Прокофьевич.
14. Шкетник Андрей Иванович.
15. Ярославцев Иван Федорович.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**  
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль  
8 февраль, 1954 жыл.

Орталық Комитетінің бірінші секретары **Пантелеймон Кондратьевич Пономаренконы** тіркеді. П. К. Пономаренконың кандидатурасын Алматы вагон жөндеу заводының, Қазақтың С. М. Киров атындағы мемлекеттік университетінің, Қазақ ССР Ғылым академиясының коллективтері ұсынған.

Одақ Советінің сайлауын өткізетін № 601 Алматы селолық сайлау округі округтік сайлау комиссиясының мәжілісі болды, онда Алматы селолық сайлау округі бойынша ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп Алматы ауданы, «Луч Востока» ауылшаруашылық артелі колхозшыларының жалпы жыйналысы, Ұйғыр ауданы, Заилийск МТС-нің, Алматы төмекі совхозының коллективтері ұсынған Алматы қалалық партия комитетінің секретары **Алексей Иванович Неклюдовты** тіркеу туралы қаулы қабылданды.

№ 609 Шу сайлау округі округтік сайлау комиссиясының мәжілісінде Шу сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп Жамбыл облысы, Шу МТС-нің директоры **Галина Андреевна Адамеконны** тіркеу туралы қаулы қабылданды. Адамекон жолдасын кандидатурасын Шу МТС-і, Мерке қант заводы, Шу паровоз депосы коллективтерінің жалпы жыйналыстары ұсынған.

Жамбыл сайлау округі округтік сайлау комиссиясы Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін № 116 Жамбыл сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп Жамбыл суперфосфат заводы, Жамбыл паровоз депосы, Ново-Троицкі МТС-і коллективтерінің жалпы жыйна-

лары Советінің депутаттығына кандидат етіп Жамбыл аудандық партия комитетінің секретары **Төрбай Ақжолұлы Ақбозовты** тіркеді.

Округтік сайлау комиссиясы ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін № 102 Алматы селолық сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін Алматы облыстық партия комитетінің секретары **Сейтғали Жақыповтың** кандидатурасын тіркеді. Бұл кандидатураны Жаңашар МТС-і, Қарағалы шұға комбинаты, Қаскелең ауданы, Буденный атындағы ауылшаруашылық артелі коллективтерінің жалпы жыйналыстары ұсынған.

Одақ Советінің сайлауын өткізетін Ленин сайлау округі округтік сайлау комиссиясы ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп № 612 Ленин сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін «Қарағандыпрошахтаның» бас инженері **Зауре Садуақасқызы Омарованы** тіркеді.

Одақ Советінің сайлауын өткізетін Қарағанды селолық сайлау округі округтік сайлау комиссиясының мәжілісінде ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп № 613 Қарағанды селолық сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін Қарағанды облыстық партия комитетінің бірінші секретары **Сергей Яковлевич Яковлевті** тіркеді.

Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін округтік сайлау комиссиясы ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат етіп № 103 Қарағанды сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін Балхаш түсті прокат заводының инженер-металлургі **Зылика Нығметқызы Сабитованы** тіркеді.

### Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Министрлер Советінде

## 1953 жылғы декабрьде колхоздарда мал қыстатуды жақсы ұйымдастырғаны үшін Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Министрлер Советінің ауыспалы Қызыл туларын беру туралы

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Министрлер Советі республика колхоздарында 1953 жылғы декабрь айы ішінде мал қыстатудың қорытындыларын қарады. Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Министрлер Советінің ауыспалы Қызыл тулары мыналарға берілді:

Жамбыл облысындағы Жамбыл ауданына (аудандық партия комитетінің секретары **Ақбөзов** жолдас, аудандық атқару комитетінің председателі **Мүсеров** жолдас).

Ақмола облысындағы Макинка ауданына (аудандық партия комитетінің секретары **Никулин** жолдас, аудандық атқару комитетінің председателі **Сергеев** жолдас).

Ақтөбе облысындағы Степной ауданына (аудандық партия комитетінің секретары **Пушкин** жолдас, аудандық атқару комитетінің председателі **Ертаев** жолдас).

Батыс Қазақстан облысындағы Чапаев ауданына (аудандық партия комитетінің секретары **Мендәлиев** жолдас, аудандық атқару комитетінің председателі **Юдин** жолдас).

Гурьев облысы, Бақсай ауданындағы Гурьев ММШС-не (ММШС директоры **Брагин** жолдас).

Гурьев облысы, Ново-Богат ауданындағы Ново-Богат ММШС-не (ММШС директоры **Садықов** жолдас).

Ақтөбе облысы, Родников ауданындағы Родников МТС-не (МТС директоры **Княцкий** жолдас).

Батыс Қазақстан облысы, Чапаев ауданындағы Чапаев МТС-не (МТС директоры **Митченко** жолдас).

Талдықорған облысы, Талдықорған ауданындағы Талдықорған МТС-не (МТС директоры **Свирцов** жолдас).

Қостанай облысы, Ұзынкөл ауданындағы Октябрь МТС-не (МТС директоры **Ядровский** жолдас).

Ақтөбе облысы, Ключевой ауданындағы Вессараб МТС-не (МТС директоры **Микнов** жолдас).

Ақтөбе облысы, Степной ауданындағы Кос-Естең МТС-не (МТС директоры **Мандрык** жолдас).

Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданындағы Подтепной МТС-не (директоры **Базаров** жолдас).

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Министрлер Советі ауыспалы Қызыл туларды мыналарға қалдыруға ұйғарды:

ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің депутаттығына кандидатты тіркеуге арналған мәжілісі болды. Мәжіліске округтегі өнеркәсіп орындарының, мекемелердің, совхоздардың, партия, комсомол қоғам ұйымдарының өкілдері қатысты.

Мәжілісті округтік сайлау комиссиясының председателі **М. В. Попов** жолдас ашты. Ол Петропавлдағы **А. И. Микоян** атындағы ет-консерві комбинатының, «Комсомолка» тігін фабрикасының, Булаев ауданы, Чистов астық совхозының коллективтері, осы аудандары «Гигант» ауылшаруашылық артелінің мүшелері № 119 Петропавл қалалық сайлау округі бойынша ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің депутаттығына кандидат етіп еңбекшілер депутаттары **Булаев** аудандық Советі атқару комитетінің председателі, Совет Одағының Батыры **Жәлел Қизатулы Қизатов** жолдасы бірауыздан ұсынғанын айтты. Қизатов жолдас № 119 Петропавл қалалық сайлау округі бойынша дауысқа түсуге ризалығын берді.

Кеңеске қатысушылар бірінен соң бірі сөз сөйлеп, сайлау комиссиясынан ССРО Жоғарғы Советінің Ұлттар Советінің депутаттығына кандидат етіп **Ж. Қ. Қиза-**

### № 120 Петропавл селолық сайлау округі

## Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов Ұлттар Советінің депутаттығына кандидат болып тіркелді

Осы жылғы 9 февральда № 120 Петропавл селолық сайлау округі бойынша округтік сайлау комиссиясының ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің депу-

жолдасы ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің депутаттығына кандидат етіп тіркеу жөніндегі ұсынысты қызу қуаттады.

### ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫНАН

«ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ереженің» 63-статьясы негізінде округтік сайлау комиссиясы қаулы етті: Петропавл ет комбинатының, «Комсомолка» тігін фабрикасының, Чистов совхозының жұмысшылары мен қызметшілері және Булаев ауданы, «Гигант» ауылшаруашылық артелінің колхозшылары мен колхозшы әйелдері ұсынған, 1920 жылы туған, Булаев ауданы, Булаев селосында тұратын, СОКП мүшесі, **Жәлел Қизатулы Қизатов** Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін № 119 Петропавл қалалық сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат болып тіркелсін.

«ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ереженің» 65-статьясы негізінде депутаттыққа кандидат болып **Жәлел Қизатулы Қизатов** Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін № 119 Петропавл қалалық сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін сайлау бюллетеніне енгізілсін.

аттығына кандидатты тіркеуге арналған мәжілісі болып өтті. Мәжіліске өнеркәсіп орындарының, колхоздар мен МТС-тердің, қоғам ұйымдарының өкілдері қатысты.

Мәжілісті округтік сайлау комиссиясының председателі **Митрофанов** жолдас ашып, ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің депутаттығына СОКП Орталық Комитетінің жанындағы жоғарғы партия мектебінің тыңдаушысы **Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов** жолдас № 120 Петропавл селолық сайлау округінде дауысқа түсуге өзінің ризалығын білдіргендігін хабарлады. Бұдан кейін мәжіліске қатысушылар сөз сөйлеп, Н. Д. Оңдасынов № 120 Петропавл селолық сайлау округі бойынша дауысқа түсу үшін тіркеуді комиссиядан сұрады.

Комиссияның мүшелері өздеріне тапсырылған документтермен танысып болғаннан кейін, комиссияның председателі **Митрофанов** жолдас мынадай ұсыныс енгізді: СОКП Орталық Комитетінің жанындағы жоғарғы партия мектебінің тыңдаушысы **Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов** жолдас № 120 Петропавл селолық сайлау округінде ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің депутаттығына кандидат етіп тіркелсін.

Мәжіліске қатысқан комиссия мүшелері мен өкілдер **Митрофанов** жолдасын бұл ұсынысын бірауыздан қуаттады.

Округтік сайлау комиссиясының мәжілісі «ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы туралы Ереженің» 65-статьясы негізінде депутаттыққа кандидат болып **Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов** ССРО Жоғарғы Советі Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін № 120 Петропавл селолық сайлау округінде дауысқа салу үшін сайлау бюллетеніне енгізілсін деп қаулы алды.



# Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендете беру жолындағы социалистік жарыс

Облысымыздың ауыл шаруашылығының еңбекшілері МТС, совхоз қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңестеріне қатысушылардың үндеулерін қызу қолдауда

## Қызу қолдау тапты

Совет ауданындағы Совет МТС-нің коллективі МТС қызметкерлерінің Бүкілодақтық жыйналысына қатысушылардың үндеуін зор қуанышпен қарсы алды. Олар үндеумен танысқаннан кейін партия мен үкметіміздің МТС коллективтері алдына қойған міндеттерін мінсіз орындау күресіне барлық күш- мүмкіншіліктерін жұмсайтындықтарын білдірді.

Үндеуді талқылау жыйналысында озат токарь Ф. Шмелев жолдас былай деді:

—МТС қызметкерлерінің жыйналысына қатысушылар көктемгі дала жұмыстарына трактор паркін әзірлеу ісіндегі кемшіліктерді жоюды талап етеді. Сондықтан біз жөндеу жұмысының қарқыны мен сапасын мейлінше арттыруымыз керек. Мен сменалық жұмыс тапсырмалды үнемі 250 процент орындауға міндеттенемін. Осы сияқты, ұста Пельтай, токарь Блюмменфельд және тағы басқалары өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алды.

—МТС коллективінің алдында орасан зор міндеттер тұр,—деді МТС директоры Лымарь жолдас,—үстіміздегі жылы біз 7500 гектар тың жер жұрттуымыз керек. Бұл үшін МТС-те жаңадан екі трактор бригадасы ұйымдастырылып, ол бригадаларға сегіз «С—80» және «ДТ—54» тракторлары бекітілді. Сол сияқты, бригадалар басқа да тіркеу саймандарымен қамтамасыз етілді. Біз быйыл алғашқы рет колхоздардың ауылшаруашылық жұмыстарын техника күшімен комплексті атқарғалы отырмыз. Бұл жауапты міндетті орындау үшін трактор паркін көктемгі дала жұмыстарына тыңғылықты әзірлеудің маңызы ерекше зор.

Үндеуді талқылау жыйналысына қатысушылар колхоздардың экономикалық шаруашылығын нығайту күресінде техниканы өнімді пайдалану жөнінде өздеріне ұлғайтылған міндеттемелер алды.

## Еңбек өнімділігі артты

СОКОЛОВКА. Бұл күндері Налобин МТС-нің жөндеуші-механизаторлары көктемгі егіске трактор паркін әзірлеу жұмысының қарқынын еселеп күшейтуде. Олардың мақсаты —көктемгі дала жұмыстарын қысқа мерзімде өткізу, сөйтіп, колхоздардың егін және мал шаруашылығы өркендей түсуіне нақтылы іспен көмектесу болып отыр. Сондықтан да олар трактор және тіркеу саймандарын жөндеуде еңбек өнімділігін еселеп арттыруда.

Слесарь Аршинов, Фединкин жолдастар МТС қызметкерлерінің Бүкілодақтық жыйналысына қатысушылардың үндеуімен танысқаннан кейін екі норма орындауға міндеттенген-ді. Олар алған міндет-

## Үндеуге нақтылы іспен жауап береміз

Партия мен үкметіміздің күнбе-күнгі қамқорлығы арқасында біздің совхоздың машина-трактор паркi жыл сайын жаңа тракторлармен, комбайндармен және басқа да көптеген ауылшаруашылық машиналармен толықтырылуда. Мұның өзі совхоз шаруашылығын жаңа талаптарға сай өркендетуге қолайлы жағдай туғызып келеді. Күрделі техниканың қуатын өндіріске пайдалану үшін оны жақсы күтімде ұстаудың қажеттілігімізге болса да мәлім. Біздің совхозда машинаны күттіп ұстау жолға қойылған. Сонымен бірге машиналарды күзгі-қысқы жөндеуден жақсы өткізу мәселесіне ерекше көңіл бөліп отырылады. Міне, осының нәтижесінде совхоз механизаторлары жылда жөндеу маусымын жақсы әзірлікпен қарсы алып жүр.

Быйыл тракторларды жаңа технология бойынша жөндеместен бұрын біз жөндеуші кадрларды іріктеп алдық. Олардың өнімді еңбек етулеріне қажетті мәдени-тұрмыстық жағдайлардың барлығын жасадық. Әрбір жөндеушіге күн сайын арнаулы тапсырма беріліп тұрады. Ол тапсырманың орындалуын механик Шляхтин жолдас бақылап, ұйымдастырып отырады. Жөндеушілердің осындай тәртіпшіл жұмыс істеуі —уақытты өнімді пайдалануға, еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіншілік беруде.

Біз жөндеу жұмысын тораптық әдіс бойынша жүргізіп келеміз. Соның арқасында едәуір жұмысын күші босатылып, олар шаруашылықтың басқа тарауларына пайдаланылуда. Еңбектің осы сияқты, ең озат әдісін қолдану арқасында 16 трактордың 13-і, 6 комбайнның 4-уі жөндеуден сапалы өткізілді. Ал, ауыл-

шаруашылық машиналарынан саялқалар, культиваторлар, дуцильниктер толық жөнделіп бітті. Өндіріске тораптық әдістің енгізілуі тракторлардың және тіркеу саймандарының жөндеуде тұратын уақытын азайтатын болды.

Жөндеушілер СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советінің шақыруы бойынша совхоз қызметкерлерінің Москвада болған кеңесіне қатысушылардың социалистік жарысты кеңінен өрістетуге туралы үндеуін зор саяси және творчестволық еңбек өрлеуі үстінде қарсы алды. Олар үндеуге жауап ретінде жөндеу жұмысын тез арада аяқтап шығуға міндеттемелер қабылдады. Бұл күндері жөндеушілер арасында қабылданған міндеттемелерді орындау жолындағы өзара социалистік жарыс кеңінен өріс алууда. Жарысқа түсушілердің инициативасын қостап, оларды жаңа табыстарға жетуге жұмылдыруда совхоз бастауыш партия ұйымы ойдағыдай жұмыс істеп келеді. Социалистік жарыста жөндеушілер Чикин, Лукьянов және Фиторов жолдастар күнделік тапсырмаларын 120—135 проценттен орындап, еңбек үлгісін көрсетіп келеді.

Бұл күндері жөндеушілер еңбек қарқынын күннен-күнге арттыра отырып, ССРО Жоғарғы Советінің сайлауын өндірістік тартулармен қарсы алуға, совхоз қызметкерлерінің үндеуіне нақтылы іспен жауап беруге жаппай жұмылуда.

**И. ПАСЕЧНИК,**

Мамлют совхозының аға механигі.

**П. ИВАНОВ,**

Совхоздың жөндеу мастерскойының меңгерушісі.

## Жаңа табыстарға жету үшін

сүтті мал алуғағы тәжірибелері жөнінде де айтты.

Мұнымен бірге, совхоз коллективі малды зоотехникалық-малдәрігерлік ережеге сай күте білді. Олар малды құнарлы азықпен қамтамасыз етті. Сыйырлардың сүттілігін арттыру үшін оларға азықты тұрап, буландырып беру әдісі кеңінен қолданылды. Совхозда фермалардағы еңбекті көп керек ететін жұмыстар негізінен механикаландырылды. Осының барлығы кәзіргі кезде мал қыстату, төл алу маусымдарының ұйымшылдықпен өтуіне негізгі себеп болып отыр.

Совхоз мал өсірушілері СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі

## Техника күшін тиімді пайдаланамыз

Колхоздардың экономикасын онан әрі нығайтуда, оларда егіншілік пен мал шаруашылығының мәдениетін мейлінше арттыруда, соның негізінде колхозшыларды әл-ауқат мәдени-тұрмыс дәрежесін жақсартуға түсуде МТС-терге орасан зор міндеттер жүктеліп отыр. Бірақ, біздің МТС өзінің бұл міндетін әлі толық орындай алмай келеді. Демек, МТС-тің колхоздарға көрсетіп отырған көмегі партия мен үкметтің алға қойып отырған міндеттер дәрежесінде емес.

Біздің МТС-те механизатор кадрлары жеткіліксіз. Мұның өзі техника қуатын толық пайдалану ісіне керісінше әсер етуде. Сондықтан быйыл МТС дирекциясы механизатор кадрларын даярлау ісіне ерекше көңіл аударуда. Кәзір МТС жанында тракторшылар даярлайтын курс жұмыс істейді. Мұнда барлығы 54 адам оқып жүр. Бұдан басқа 10 адам шынжыр табанды тракторларды, 12 адам комбайнды жүргізуді үйренетін арнаулы оқу орындарында оқиды.

СОКП Орталық Комитеті мен ССРО Министрлер Советі шақырған МТС қызметкерлерінің жыйналысына қатысушылар өзіміздің барлық МТС-терінің коллективтерін МТС жұмыстарын барған сайын жақсартуға шақырды. Бұл бастама біздің МТС-тің коллективі арасында зор қолдау тауып отыр. Механизаторлар трактор жөндеу жұмысындағы орын алып отырған елеулі кемшіліктердің сырын ашып, оны жою үшін бұл жұмыста қажырлылықпен еңбек етуде. Кәзір жөндеу жұмысында күнделік тапсырманы артығымен орындайтын жолдастар көптеп саналады.

Біз көктемгі егіске барлық жағынан тыңғылықты әзірлене отырып, бұл үндеуге нақтылы іспен жауап береміз.

**В. ВЕРЕЩАГИН,**

Коновалов МТС-нің бас инженері.

## Кемшіліктің беті ашылды

МАМЛЮТКА. Жақында Вильямс атындағы МТС-тің жөндеу мастерскойында МТС қызметкерлерінің Бүкілодақтық жыйналысына қатысушылардың үндеуін талқылауға арналған жыйыны болып өтті. Жыйында сөз сөйлеушілер МТС-тің колхоздарда ауылшаруашылық жұмыстарын атқаруда кешіргісіз артқа қалып келе жатқандығының, тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеуде елеулі кемшіліктердің барлығының сырын ашты.

—Көктемгі дала жұмыстарын мерзімінде, агротехникалық ережелерге сай өткізу ісінде тракторлар қандай роль атқарса,—

## Корей Халық армиясының алты жылдығы

ПХЕНЬЯН, 8 февраль. (СОТА). Бүгін Корей Халық-Демократиялық Республикасының еңбекшілері Корей Халық Армиясының құрылу күнінің алты жылдығын салтанатпен атап өтуде. Барлық газеттер бұл даңқты күнге көптеген материалдарды — басмақалалар, Халық армиясы командирлерінің сөздерін, Корей Халық-Демократиялық Республикасының батырлары туралы очерктер арнаған. Бүгін Корей Халық армиясының бас қолбасшысы Маршал Ким Ир Сеннің бұйрығы жарияланған.

Маршал Ким Ир Сен Халық армиясының жауынгерлерін құттықтаған және

оларды өздерінің әскери шеберлігін жетілдіре беруге, қытай халық еріктілерімен достықты нығайта беруге, өздерінің саяси білім дәрежелерін арттыруға және корей халқының бейбіт және жемісті еңбегін көздің қарашығындай қорғауға шақырған.

Кеше Пхеньянда Корей Халық армиясының құрылуы күнінің алты жылдығына арналған салтанатты мәжіліс болып өтті.

Корей Халық армиясы күніне арналған салтанатты жыйналыстар мен кештер бүкіл республикада өтуде.

## Француз шаруалары „европалық армия“ құруға қарсы шығуда

ПАРИЖ, 8 февраль. (СОТА). Кәзіргі уақытта Францияның көптеген департаменттерінде шаруалардың бейбітшілікті және ауыл шаруашылығын қорғау съездері өтуде. Бұл съездер француз шаруаларының Бонн және Париж договорларына қарсы, герман проблемасын бейбіт жолмен шешу үшін, халықаралық шиеленісті бәсеңдету үшін күреске белді бекем байлағандықтарын көрсетеді.

31 январьда мұндай съездер 6 департаментте болып өтті, ал, кеше тағы да төрт департаментте өткізілді. Ізгер департаментіндегі съезге қатысушылар Министрлер Советінің председателіне хат жолдап, онда Бонн және Париж договорларын қабылдамауды және Видога Берлиндегі төрт мемлекет кеңесінің ойдағыдай жұмыс істеуі үшін шаралар қолдануға нұсқау беруді талап еткен.

## Африка континентінде әскери одақ құрудың империалистік жоспары

КАИР, 8 февраль. (СОТА). «Аль-Гумхурия» газетінің хабарына қарағанда, мартта Дакар қаласында «Африка қорғанысы шартын» талқылау мақсатымен «Африка континентіндегі елдер конференциясы» шақырылады. Бұл конференцияда, деп жазады газет, Британ империясы, француздың экваторлық Африкасы, Бельгия, Португалия және Эфиопия болмақ.

Газет «Африка континентінің қорғаныс мәселесі туралы бірінші конференция» 1951 жылы Найроби қаласында болғандығын еске салады.

«Аль-Гумхурия» газеті Африка «қорғанысы» жоспарын айта келіп, былай деп жазады: Франция, Оңтүстік Африка одағы және Англия «Солтүстік-Атлантика шарты сияқты африка қорғаныс шартын жасауды қамтамасыз етуге тырысуда», бұл сияқты шарт жасау туралы мәселе «кәзіргі уақытта Кейптаунде Оңтүстік-Африка одағы премьер-министрі Малан мен француз премьер-министрінің орынбасары Поль Рейноның арасында жүргізіліп жатқан келіссөзге басты тақырып болып табылады».

## Американдықтардың Ирандағы тіміскіленушіліктері

Иран үкметі мен ағылшын-американ мұнай монополияларының арасындағы мұнай мәселесі жөніндегі договорды дайындау

ТЕГЕРАН, 8 февраль. (СОТА). «Кейхан» газеті былай деп жазады: мұнай мәселесі жөніндегі жоғары комиссияның мүшелерінің бірі газет тілшісімен еңгімесінде былай деп мәлімдеген: Иран үкметі мен американо-ағылшын және басқа мұнай компаниялары кіретін «халықаралық консорциум» деп аталатынын арасында 30 жыл мерзімге келісім жасалмақ. Иран үкметі, деді ол, бұрынғы ағылшын-иран мұнай компаниясына мұнайды өңдеу кәсіпорындарының бағала-

ры көлемінде компенсация төлеуге риза.

«Кейхан» газеті «консорциум» капиталының жалпы сомасы 200 миллион долларға жететіндігін атап көрсетеді.

ТЕГЕРАН, 8 февраль. (СОТА). Газеттердің хабар етуіне қарағанда, Тегеранға Американың мұнай мәселесі жөніндегі маманы Ргбер келген. Ол Иран үкметінің ағылшын мұнай компанияларымен жүргізетін келіссөздерінде консультант болмақ.

## БҰҰ-ның АЗИЯ ЖӘНЕ ҚЫЙЫР-ШЫҒЫС ҮШІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ 10-шы СЕССИЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫ

КАНДИ, (ЦЕЙЛОН), 8 февраль. (СОТА-ның арнаулы тілшісінен). Бүгін БҰҰ-ның Азия және Қыйыр-Шығыс үшін экономикалық комиссиясының (ЭКАДВ) 10-шы сессиясы ашылды. Сес-

сурстарын пайдалану бюросының, ЭКАДВ-ның арнаулы агенттігінің баяндамаларын талқылау және басқа мәселелер бар. Сессияға ЭКАДВ-ның мүшелері — 23 ел мен территориялардың



темелерін іс жүзінде орындап келеді. Кәзіргі күнде бұл екеуі күнделік жұмыс тапсырмаларын 200—230 процент орындауға жетісті. Осы сыяқты құрастырушылар цехының жұмысшылары Милоненко, Марчин және балғашы Жұсыпов жолдастар да күнделік жұмыс тапсырмаларын 150—250 процент орындап келеді. Токарь Васильев, слесарь Бродель, ұста Григорюк, Арземеєв жолдастар да еңбек өнімділігін арттыруда.

Механизаторлардың қажырлы еңбек етуі нәтижесінде МТС-те трактор жөндеудің қарқыны күшейіп, сапасы жақсарып келеді.

А. ЛИЧМАН.

Біздің колхоздағы шаруашылықтың негізгі саласы — егін мен мал өсіру болып саналады. Өткен жылы колхозшылар 3 мың гектарға жуық егіс екті. Колхоздың егін даласында 15 трактор және басқа да бірнеше күрделі ауылшаруашылық машиналары жұмыс істеді. Егіс көлемінің көпшілігі бағалы дақыл — жаздық бидай егісі болды.

Мал шаруашылығы да жан-жақты өркендеуде. Шошқа, жылқы, қой және күе өсірудің жоспарлары мерзімінде толық орындалды. Кәзіргі уақытта мал қыстату маусымын табысты аяқтауға барлық күш-мүмкіншіліктерді жұмылдырамыз. Бүгін бізде қажетті жағдайлардың барлығы да бар.

Бізде мал азығы қажетінше дайындалды. Әрбір сыйыр малына 35 центнер шөп, 20 центнер сүрленген шөп және көп қызылша жемі әзірленді. Мәселе мал азығын жеткілікті мөлшерде дайындауда емес, оны малға зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сай кезінде беріп отыру. Колхоздың әрбір фермасында мал азықтандырудың рационы зоотехник Ветров жолдастың басшылығымен жасалған. Ол малды азықтандырудың рационал әрбір маддың өнімділігіне, салмағына қарай жасады.

Азық малға беруге тыңғылықты әзірленеді. Бұл үшін колхозда 3 азық буландырығын жұмыс істейді. Олардың құрылысы өте жақсы. Азық буландыратын қамбаларға кесілген сабандар салынып, ол бұмен буландырылады және оған тұз бен жем араластырылады. Мұның өзі малдың азықты сүйсіне жеуіне мүмкіндік туғызады.

Колхоз басқармасы мал шаруашылығының өнімін арттыру ісіне күнбе-күн қамқорлық жасап келеді. Фермадағы 150 сауын сыйырдан 65 сыйыр ерекше күтімге алынды. Бұл сыйырларға азықтың құнарлысы беріледі. Азықты мол беру сыйырлардың сүттілігін арттырудың негізгі жолы. Ерекше күтімге алынған сыйырларға су қорада, жылы орында беріледі.

Қыстың күні сыйырларды жақсы күтімге алу ісі өзінің игі нәтижесін берді. Январь айында әрбір сауын сыйырдан 27 литр сүт жазғы күндінен артық алынды. Кәзіргі уақытта біз малды жазғы жайылымдарда бағуды ұйымдастыру жөнінде бірқатар шаралар белгілеудеміз. Жазғы жайылымдарда бірнеше ашық қоралар сә-

тық сүт алуға жөнесті.

Совхоз коллективі мұндай табыстарға бірқатар маңызды шараларды іске асыру арқасында ие болды. Фермаларда үгіт-бұқаралық, мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізу үшін коммунистер мен комсомолецтерден, өндіріс озаттарынан барлығы 34 адам бөлінді. Олар совхоз жұмысшылары арасында 300 рет өңгіме өткізіп және дауыстап газет оқыды. Онда еліміздегі мал шаруашылығы озаттарының іс тәжірибелерін насихаттады. Сонымен қатар, совхоздың сауыншылары Ф. Әбдірашитова, П. Ашеткова жолдастардың сыйырдан

одақтық кеңесіне қатысушылардың үндеуін зор, өндірістік жігер үстінде қарсы алып, ұлғайтылған міндеттемелер қабылдады. Сауыншылар быйылғы жылы совхоз бойынша әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 3200 литр сүт алуға міндеттенді.

Кәзіргі уақытта совхоз малшылары мал қыстату және төл алу маусымдарын үлгілі өткізу үшін күресуде.

З. МҰХАМЕДЖАНОВ,

Тоқшыя совхозының жұмысшы комитетінің председателі.

## Колхозымыз өрлеу үстінде

А. ПУРТОВ,

Кониюхов ауданындағы «Путь Ленина» колхозының председателі

лынады. Сол сыяқты, малшылар тұратын үй болады. Зоотехник Ветров жолдас бақашылармен бірлесе отырып, малды жайылымдарда бағудың жоспарын жасады. Бұл жоспарда қай жайылымды қандай уақытта пайдалану көрсетілген. Мал бағуда көкшөп көнвейрі толық қолданылады. Сыйырларды сауу жайылымдарда ұйымдастырылады. Үстіміздегі жылы екпе шөп егістері мен қызылшаның көлемін ұлғайту көзделіп отыр.

Егін шаруашылығының мәдениетін арттыруда да алдымызда аса жауапты міндеттер тұр. Үстіміздегі жылы егіс көлемін ұлғайтумен бірге, оның өнімін арттыру керек. Быйыл егіс көлемі өткен жылғыдан 500 гектар ұлғайтылады. Демек, егіс көлемі тың жерлер есебінен ұлғайтылады. Бұл жылы барлығы 1800 гектар тың жер жыртты, оның 500 гектарына көктем кезінде тұқым себіледі. 1300 гектары 1955 жылдың егісіне дайындалды. Тың жерлерді игеруде біз 1953 жылы бірқатар жұмыстар істегенбіз. Суворов МТС-нің В. Граверг жолдас басқарған трактор бригадасы бұл жылы 4 күннің ішінде 100 гектар тың жер жырттып, жұмыстады. Сөйтіп, ол жерге тұқым септі. Егіс алаңында арал болмады. Егер біз дәнді дақылдардың әрбір гектарынан орта есеппен 14 центнерден өнім алсақ, 100 гектар тың жердің әрбір гектарынан 31 центнерден өнім жыйнадық. Бұл алаңнан алынған астықтың өзіндік құны басқа учасқотердегі алынған астықтың өзіндік құнынан 30 проценті кем болды.

Үстіміздегі жылы тың жер жыртуға біз осы бастан тыңғылықты әзірленудеміз. Суворов МТС-і біздің колхозға тың жер жырту үшін 3 жаңа трактор бөліп отыр. Тың жерлерді жыртуда тәжірибесі мол, өз ісіне сондай ұқыптылықпен қарайтын және өткен жылы тың жер жыртуда еңбек еткен механизаторлар жұмыс істейтін болады. Өткен жылға қарағанда быйыл колхозда тракторлардың саны молайды. Осы себепті механизаторлардың жеткілікті болуы қажет. Сондықтан колхоз басқарма-

сы МТС дирекциясымен бірлесе отырып, тракторшылар дайындайтын курске 8 адам жіберді. Егіс бригадаларының құрамы да қайтадан қаралып, тұрақтандырылды. Трактор бригадаларында жұмыс істеуге қажетті колхозшылар көзіндік өзінде белгіленді. Бұл күндері колхозда ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеу жұмысы қызу қарқынмен жүргізілуде. Колхоз ұсталары мен шеберлері ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, сайлау күніне дейін ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеуді сапалы аяқтауды өздерінің міндеттеріне алды.

Кәзіргі уақытта агрономдар мен механизаторлар тың жерлердің жайымен жете танысты. Жақын арада трактор бригадалары үшін дала қостары салына бастайды. Тың жерлерге тек сортты тұқым есібіледі. Барлық егіс алаңына қажетті тұқым жеткілікті мөлшерде дайындалып, шығымдылық дәрежеге жеткізілген және агрономиялық ережелерге сай сақталуда. Егіс алаңына қар қалың тоқтатылуда. Қарды егіс алаңына мол тоқтатудың егін шығымдылығын арттыру ісіне келеді ұзақ қосатындығы сөзсіз. Өткен жылы біз 50 гектар егіс алаңына қар тоқтатуды агро-техникалық ережелерге сай өткіздік. Сол жерге көктемде қар суын бөгеу жұмысын жүргіздік. Мұның өзі игі нәтижесін береді. Біз бұл учасқотегі егіннің әрбір гектарынан 30 центнерден өнім алдық. Ал, қар тоқтату жұмысы тыңғылықты ұйымдастырылмаған учасқотердегі егіннің гектарынан небары 12—13 центнерден гана өнім жыйналды. Егер қар тоқтату, қар суын бөгеу, егіс алаңын жергілікті тыңайтқыштармен тыңайтып, сортты тұқым себу жұмыстары бірі-бірімен тығыз ұштастырыла жүргізілсе, онда егіннен тұрақты, мол өнім алатындығымызда күмән жоқ.

Егіс егуде, күтуде агрономиялық ережелерді мұқият қолданудың нәтижесінде біз өткен жылы егіннен тұрақты өнім алдық. Быйылғы жылы да егіс егудің агро-

номиялық ережелерін сөзсіз жүзеге асырамыз. Быйыл тұқымды тоғыспапы, тарқатарлы әдіспен себу ісін кеңінен өрістетеміз. Ал, картоп пен овоштарды отырызу шаршы-ұялы әдіс бойынша өткізіледі. Үстіміздегі жылы картоп пен овоштардың көлемі өткен жылғыдан едәуір ұлғайтылады.

Егіншілік пен мал шаруашылығының өркендеуі — колхоздың экономикалық шаруашылығының жылдан-жылға нығайтуына негізгі себеп болып отыр. Егер 1952 жылы колхоздың ақпалай жылдық табысы 370 мың сом болса, 1953 жылы бір миллион сом болды. Колхозшылардың табысы да еселеп артуда.

Өткен жылы радио торабын орнаттық, 1 жұп автомашинасын сатып алдық. 200 кісілік колхоз клубының құрылысын аяқтап, іске қостық. Өткен жылдың табысына тағы да 2 жұп автомашинасы мен 1 жеңіл автомобиль сатып аламыз.

Үстіміздегі жылы колхоз электр станциясын салуды және 75 аттық күші бар доломобиль сатып алуы жоспарлан отыр. Быйыл колхозшылардың үйлері мен мал фермалары түгелінен электрлендіріледі. Мұнымен бірге, фермалардағы қол еңбегін көп керек ететін — сыйырларды сауу, мал суару, оларды азықтандыру жұмыстары механика күшімен атқарылатын болады.

Колхозшылардың тұрмысы ауқатты әрі мәдениетті. Олар өткен жылы әрбір еңбек күнге 7 килограмм астық, 3 сомнан ақша алды. Быйылғы жылдың өзінде колхозшылар 4 мотоцикл, 15 «Родина» радио қабылдағыш, көптеген іс тіретін және сүт тартатын машиналар сатып алды.

СОБН Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы жарыққа шыққаннан кейін селоға оралған бұрынғы колхозшылардың жеке меншігіне мал сатып алуы үшін колхоз орталығынан көмек көрсетілді. Быйыл олар үшін бірнеше жаңадан үй салынады.

Біздің жұмысымызда, колхоздың экономикалық шаруашылығын нығайтуда әлі де болса елеулі кемшіліктер бар. Кәзіргі міндетіміз — істегі кемшіліктерді жою арқылы колхоздың қоғамдық байлығын арттыра беру болып есептеледі. Бұл міндетті орындау үшін МТС-тің колхозға көмегін жақсарту керек.

сияның күн тәртібінде Азияның экономикалық жағдайын талқылау. Ішкі транспорт жөніндегі комитеттің, өнеркәсіп және сауда жөніндегі комитеттің, сүт тасқындарына қарсы күрес және су ре-

өкілдері қатысуда, сол сыяқты, Украина мен Югославиядан бақылаушылар бар.

Совет Одағы делегациясын Совет Одағының Индиядағы Елшісі М. А. Меньшиков басқарады.

### ЛИВАН ЖҰМЫСШЫЛАРЫ ЕРЕУІЛІНІҢ ТОҚТАТЫЛУЫ

БЕИРУТ, 8 февраль. (СОТА). Баспа-сөздердің хабар етуінше, жуырда жарияланған Бейрут порты компаниясының жұмысшылары мен қызметшілерінің ереуілі тоқталды.

«Ас-Сарха» газетінің хабар етуіне қарағанда, компанияның өкімшілігі жалпақыны арттыру мәселесінде біраз жеңілдік жасауға көнген.

### ЭЙНАУДИ ЖАҢА ҮКМЕТ ҚҰРУДЫ ШЕЛЬБАҒА ТАПСЫРДЫ

РИМ, 8 февраль. (СОТА). Италия республикасының президенті Эйнауиді бүгін Марио Шельбаны шақырып алып,

оған жаңа үкмет құруды ұсынды. Шельба бұл тапсырманы қабылдады.

### Жарияланбаған хаттың дерегі

#### „Ашынғандық па, асқынғандық па?“

Газетке жарияланбай, тексеріске жіберілген осы тақырыпты тілші хатында Преснов ауданындағы «Сталин жолы» колхозының бұрынғы председателі Ф. Мақышовтың, № 1 бригаданың бригадирі Төлебаевтың, № 2 бригаданың қойма меңгерушісі Қасымовтың өз жұмыстарына жауапсыз қарап, колхозға ақшадай және заттай келтірген зияндары туралы айтылған болатын.

Аудандық прокурор Қ. Кенжебаев жолдас тілші хаты бойынша жүргізілген тексерістің нәтижесі туралы редакцияға былай деп хабарлады.

Редакцияға түскен «Аурухана шыда-са да ауру шыдамайды» деген тілші хатында Преснов ауданындағы Баян ауылдық Советінің дәрігерлік пункт үшін арнаулы үй салу мәселесімен жете шұғылданбай, бұл жұмысты ұзаққа созып отырғандығы айтылған-ды. Аудандық Совет атқомі председателінің орынбасары И. Стаценко жолдас

Тексерісте тілші хаты анықталды. Колхозға келтірілген 2495 сом мөлшеріндегі зиянды айыпты адамдардан өндіріп алу жөніндегі іс сотқа берілді.

Жұмыста көптеген елеулі кемшіліктерге жол бергені үшін колхоз председателі Ф. Мақышевті аудандық партия комитеті орнынан алып, партиялық жауапқа тартты.

№ 2 бригаданың қойма меңгерушісі Қасымов колхоз басқармасының рұқсатынсыз 73 центнер сұлы босатқаны үшін жауапқа тартылатын болды.

бұл жөнінде редакцияға қайтарған жауабында, газетте жарияланбай, тексеріске жіберілген тілші хатында көрсетілген фактілер анықталып, Баян ауылдық Советі дәрігерлік пункт үйінің құрылысын 1954 жылдың жазында аяқтаудың тиісті шаралары белгіленгендігін хабарлады.

Редактордың орынбасары **Ғ. НҰРМОЛДИН.**



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«АЛБАНИЯНЫҢ ҰЛЫ

ЖАУЫНГЕРІ СКАНДЕРБЕГ»

Сеанстар сағат 6,20-8,20-10,30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖАСАУЛЫ ТОЙ»

Сеанстар сағат 6,20-8,20-10,20-да басталады.

Петропавл нан комбинатына тұрақты жұмысқа бас механик қызметіне инженер-механик немесе техник-механик, инженер-технолог және техник-технолог (нан пісіру өнеркәсібінің жақсы білетіндер), бас бухгалтер, тәжірибелі токарь КЕРЕК. Адрес: Петропавл қаласы, Петренев көшесі 61-үй.

Солтүстік Қазақстан «Главкинопрокат» бөлімшесі облыс экрандарында «Мосфильм» кино студиясы жасап шығарған «АЛБАНИЯНЫҢ ҰЛЫ ЖАУЫНГЕРІ СКАНДЕРБЕГ». атты жаңа көркемсуретті түсті кинофильм көрсете бастады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.